

## Бонустық бағдарламаның ережесі (жария офертасы)

### 1. Жалпы ережелер

1.1 Бұл ереже ЖШС «In Oil LTD KZ» (Ин Оил ЛТД КЗ) компаниясының «Nomad» ЖҚС бөлшек сауда желісінің бонустық бағдарламасына қатысу шарттарын (бұдан әрі – Бағдарлама) айқындайды.

1.2 Бұл ереже Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395 бабына сәйкес Бағдарламаға қатысушы барлық мүдделі тұлғаларға қатысты ЖШС «In Oil LTD KZ» (Ин Оил ЛТД КЗ) компаниясының Бағдарлама шарттарын айқындайтын жария офертасы болып табылады.

1.3 Ереженің шарттармен келісе отырып жеке тұлға Бағдарламаға Қатысушы болып, осы Ережемен танысқанын, Бағдарламаның шарттары оған түсінікті екенін және Ереженің талаптарымен толық келіскенін, сондай-ақ оларды орындауға міндеттенеді.

1.4 Бағдарламаның қолданылу аумағы: Nomad және Nomad Oil брендінің ЖҚС бөлшек сауда желісі.

### 2. Пайдаланылатын терминдер

2.1 Осы Ережеде мынадай терминдер мен олардың төмендегідей анықтамалары қолданылады.

**Nomad бонустық бағдарламаласы (Бағдарлама)** - осы Ережелерге сәйкес Бағдарламаға Қатысушы Nomad және Nomad Oil брендінің ЖҚС бөлшек сауда желісінде тауарларды сатып алу кезінде Nomad Бонустық картасын ұсыну арқылы жеңілдік баллдарын жинақтау/жарату құқығына ие болатын қарым-қатынастар кешені.

**Nomad Бонустық картасы (бұдан әрі - Карта)** – Чипке жазылған дербес нөмірі бар, Бағдарлама шарттарына сәйкес Жинақтаушы шоттағы жеңілдік баллдарының жинақтаушы балансы туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін идентификатор ретінде пайдаланылатын, жеңілдік баллдарын есептеуге, сондай-ақ ЖҚС-да жанар-жағар май өнімдері мен басқа да ілеспе тауарларды жеңілдікпен сатып алуға мүмкіндік беретін Ұйымдастырушының бірыңғай төлем картасы.

**Бағдарламаға қатысушы (Қатысушы)** - жасы 18-ге толған, Ұйымдастырушының бағдарламаға қатысуға рұқсатын алған, Бағдарламаға қатысу бойынша осы Ережемен (жария офертасы) толықтай және сөзсіз келіскенін растаған бонустық картаның иесі болып табылатын жеке тұлға.

**Бағдарламаның Ұйымдастырушысы (Ұйымдастырушы)** – Бағдарламаны басқару және дамытудың айрықша құқықтары бар, жеңілдік баллдарын жинақтау мен жұмсау бойынша мәмілелердің тарабы болып табылатын ЖШС «In Oil LTD KZ» (Ин Оил ЛТД КЗ), БСН 040840001241, Қазақстан Республикасы, 010000, ж. Нұр-Сұлтан, Байқоңыр ауданы, өтпе жолы



68, 5 ғимарат мекен-жайында орналасқан заңды тұлғасы.

**Жанар-жағар май құю станциясы (бұдан әрі - ЖҚС) – Nomad және Nomad Oil** брендінің жанар-жағар май өнімдерін және басқа да ілеспе тауарларды сақтау мен саудасын жүргізуді қамтамасыз ететін арнайы жабдықпен жарақтандырылған технологиялық кешен.

**Жеке кабинет** – Ұйымдастырушының сайтындағы жанар-жағар маймен/ақшалай есептелген, сондай-ақ баллдарды Жинақтау баланстарын бақылап басқаруға мүмкіндік беретін Қатысушының жеке бөлімі. Бөлімге тіркелу және қол жеткізу бонустық картаның/шоттың нөмірі мен ПИН-коды теру арқылы жүзеге асырылады.

**Жеңілдік баллы (бұдан әрі - балл) - Nomad және Nomad Oil** брендінің ЖҚС бөлшек сауда желісінде сатып алынатын жанар-жағар май өнімдерінің және басқа да ілеспе тауарларының көлемі мен Бағдараманың шарттарына сәйкес қолданылатын жеңілдік баллын есептеу коэффициентіне байланысты анықталатын Қатысушының ЖҚС-да алатын жеңілдігін анықтайтын шартты өлшем бірлігі.

**Жеңілдік баллын есептеу коэффициенті (бұдан әрі - коэффициент)** – жеңілдік баллын есептеу үшін қолданылатын коэффициент. Коэффициенттің мөлшері ЖҚС бөлшек сауда желісінде сатып алынатын тауардың түрі мен картаның жинақтау балансының мәртебесіне тәуелді және осы Ереженің шарттарымен реттелінеді.

**Жинақтаушы баланс** - Бағдарламаның шарттарына сәйкес бонустық картадағы Қатысушы жұмсай алатын баллдардың қол жетімді мөлшері.

**Жинақтаушы балансының мәртебесі** - Қатысушының Бағдарлама бойынша белсенділік деңгейі. Жинақтаушы балансының мәртебесі ЖҚС бөлшек сауда желісінде Қатысушының алдыңғы айда жасаған және Бағдарлама ережелеріне сәйкес ескерілетін саудасының көлеміне байланысы өзгереді.

**Ілеспе тауар** - ЖҚС бөлшек сауда желісінде сатылатын жанар-жағар май өнімдеріне жатпайтын тауардың түрі.

**Қатысушының сауалнамасы (Сауалнама)** – Ереженің №1 қосымшасына сәйкес Бағдарламаға қатысушының жеке деректерін толтыруға арналған және жеке тұлғаның оған қол қою/оны растау арқылы осы жария офертасымен толық және сөзсіз келісімінің белгісі болып табылатын электрондық форма.

**ПИН-коды** - картаның дербес сәйкестендіру нөмірі болып табылатын құпия коды.

**Ұйымдастырушының сайты** – [www.nomadoil.kz](http://www.nomadoil.kz) ЖШС «In Oil LTD KZ» (Ин Оил ЛТД КЗ) компаниясының корпоративтік интернет-ресурсы.

### 3. Бағдарламаға қатысу

3.1 Бағдарламасының Қатысушысы ретінде кез-келген жасы 18-ге толған жеке тұлға болуы мүмкін.

3.2 Картаны рәсімдеуге оны ЖҚС-да сатып алу арқылы мүмкін. Картаны ЖҚС-ның кассасында сатып алу кезінде міндетті түрде фискалдық чек беріледі.

3.3 Карта Ұйымдастырушының меншігі болып табылады және оны ЖҚС кассасында жеке тұлғаларға оның құнын толық төлеу арқылы сатылады.

3.4 Картаны сатып алған соң Қатысушы жеке деректерін куәландыратын құжат негізінде Ұйымдастырушының сайтындағы электрондық Сауалнаманы толтыруы қажет.

3.5 Сауалнаманы толтыра отырып Қатысушы осы Ережемен танысқанын, Бағдарламаның



талаптарының оған түсінікті екенін және олармен келісетінін растап, оларды орындауға міндеттенеді.

3.6 Қатысушы Ұйымдастырушының сайтында Сауалнаманы толтырғаннан кейін Картаны тіркеу процесі іске қосылады.

3.7 Қатысушы Ұйымдастырушының сайтындағы жеке кабинетіне кезекті кіру кезінде ПИН-кодын ("Пароль") өз бетінше белгілеуі керек, сондай-ақ, ол ПИН-кодын үшінші тұлғаларға жария етпеді.

3.8 Ұйымдастырушы үшінші тұлғалардың Қатысушылардың деректері бар дерекқорға рұқсатсыз кіруі немесе зиянды бағдарламалардың салдары нәтижесіндегі осы дерекқордан ақпараттың ағып кетуіне жауапты емес.

3.9 Жеке тұлға Сауалнаманы сайтта растау арқылы Бағдарламаға Қатысушы болып тіркелу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұйымдастырушыға белгілі бір мерзіммен шектемей өзінің жеке деректерін өңдеуді, соның ішінде жинауды, жүйелеуді, сақтауды, нақтылауды, жаңартуды, пайдалануды, жоюды (соның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып) толық және сөзсіз келісімін береді.

3.10 Бір Карта бір ғана жеке тұлға рәсімделуі мүмкін. Бір Картаға бір ғана телефон нөмірі мен бір ғана e-mail байланыстырылады.

3.11 Бағдарламаға қатысу ерікті болып табылады. Бағдарламаға заңды тұлғалар және олардың өкілдеріне қатысуға рұқсат етілмейді.

3.12 Қатысушының картасы Бағдарламаның Ұйымдастырушы белгілеген жүзеге асырылу мерзімі кезінде қолданылады. Сондай-ақ, Ұйымдастырушының бастамасымен Бағдарлама кез-келген күні тоқтатылуы мүмкін. Бағдарламаның мерзімін өзгерту туралы хабарлама немесе мерзімінің аяқталғаны туралы Ұйымдастырушы сайтында хабарлайды.

3.13 Ұйымдастырушы кез-келген Қатысушы үшін Бағдарламаға қатысу мерзімін ескертусіз тоқтатуға құқылы, төмендегі жағдайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, егер Қатысушы:

- Бағдарлама Ережесін сақтамаса;
- Ұйымдастырушыға жалған немесе күмән келтіретін ақпаратты ұсынса;
- оның картасы арқылы алаяқтық операциялар жасалды деп пайымдауға жеткілікті негіздер мен дәлелдемелер табылса.

3.14 Қатысушы кез-келген уақытта Бағдарламаға қатысудан бас тартуға немесе Картаның күшін жоя алады. Ол Қатысушының өз бетімен сайттағы жеке кабинетте жою операциясын орындау немесе Ұйымдастырушыға тоқтату туралы жазбаша өтінішті тапсыру арқылы жүзеге асырылады. Өтініш тапсырған соң немесе сайтта жою операциясын орындағаннан кейін Қатысушы бағдарламадан шығарылады, бұл ретте жинақталған баллдар қайтарылмайды және Ұйымдастырушының меншігінде қалады.

3.15 Ұйымдастырушы картаны ЖҚС кассасында төмендегі жағдайларда бас тарта алады?  
Егер карта:

- механикалық зақымданған болса;
- бұғатталған (блок)болса.

Картаның механикалық зақымдануы мүмкін жағдайлар: магниттік өрістердің әсері нәтижесінде, картаның бетінін тырнау, микротолқынды пеште қыздыру, үтіктелінсе, кір жуғыш машинада жуылса.

3.16 Картамен туындаған мәселелер бойынша Қатысушы Ұйымдастырушының call-center қызметкерлеріне да немесе ЖҚС кассиріне жүгінсе болады.



#### 4. Баллдарды есептеу тәртібі

4.1 Картаны Қатысушы ЖҚС кассасында сатып алған соң картаның Жинақтаушы балансы автоматты түрде іске қосылады.

4.2 Баллдарды картаның Жинақтаушы балансына есептеу Қатысушының Ұйымдастырушының сайтында картаны рәсімдегенге дейін жанар-жағар май өнімдерін немесе ілеспе тауарларды ЖҚС кассасында алғашқы сатып алудан басталады.

4.3 ЖҚС кассасында сауда жасау кезінде Қатысушы тек бір Карта қолданылуы мүмкін.

4.4 Баллдарды есептеу Қатысушысының ЖҚС кассасында тауарды сатып алуды рәсімдеу алдында кассалық чек бергенге дейін Картаны ұсынған кезде ғана жүзеге асырылады. Сондай-ақ, баллдар жанар-жағар май өнімдері немесе ілеспе тауарлар үшін Қатысушы өз қаражаттарымен төлеген жағдайда ғана есептелінеді: қолма-қол ақша, банк картасын немесе Nomad бірыңғай төлем картасындағы ақша шоты арқылы.

4.5 Баллды қолданып сатып алынған тауарлардың саудасы жинақтаушы балансына енгізілмейді.

4.6 ЖҚС жанар-жағар май өнімдері немесе ілеспе тауарларды сатып алу арқылы Қатысушы өзінің Жинақтаушы балансының мәртебесі растайды немесе арттырады. Жинақтаушы балансының мәртебесі өткен ай ішінде ЖҚС-да жасаған саудасына тура байланысты.

4.7 Есептелетін баллдар сомасы сауда жасалып жатқан күнгі Жинақтаушы балансының мәртебесімен айқындалады.

4.8 Жинақтаушы балансының мәртебесінің өзгеруі мен жеңілдік беру баллын есептеу төмендегі кестеге сәйкес жүргізіледі:

Мәртебенің аталуы		берілетін жеңілдік баллы		
		жеңілдік баллы		ілеспе тауарлар үшін
		жанар-жағар май өнімдері үшін		
Бензин <sup>1</sup>	Дт			
Бастау	149 литрдан кем	2	1	2,5%
Күміс	150-ден 349 литр аралығында	2,5	1	3,5%
Алтын	350 литр	3	1	4,5%

4.9 Коэффициент жеңілдік баллын теңгемен есептеу үшін қолданылады.

- жанар-жағар май өнімдері үшін мөлшерде (литр)

Жеңілдік балансының мәртебесіне сәйкес коэффициенттің мәні \* ЖҚС сатып алынған жанар-жағар май өнімінің мөлшері=жеңілдік балл сомасы

Жеңілдік балансының мәртебесіне сәйкес коэффициенттің мәні \* сатып алынған ілеспе тауардың бағасы (теңге) =жеңілдік балл сомасы.

4.10 Бағдарламаға жаңадан қатысушыларға төмендетілмейтін Жинақтаушы балансының «Бастау» мәртебесі беріледі. Картаны ЖҚС кассасында сатып алу кезінде бір ай ішінде белгілі мөлшерде сатып алуларды растауды талап етілмейтін Жинақтаушы балансының «Бастау» мәртебесі белгіленеді.

<sup>1</sup> ЖҚС-да сатылатын бензин маркалары



4.11 Жинақтаушы балансының мәртебесі автоматты түрде әрбір келесі айда қайта есептелінеді.

4.12 Баллдардың мөлшерін анықтау үшін қолданылатын септеу бағамы: 1 балл = 1 теңге.

Мысалы,

- Қатысушы АИ 92 маркалы бензиннің 10 литр мөлшерін сатып алу кезінде Жинақтаушы балансының «Бастау» мәртебесі бар Картаны ұсынғанда оған 20 теңге балл есептелінеді;

- Қатысушы ЖҚС-да 2000 теңге сомасына ілеспе тауарды сатып алу кезінде Жинақтаушы балансының «Алтын» мәртебесі бар Картаны ұсынса оған 90 теңге балл есептелінеді.

4.13 Ұйымдастырушы арнайы маркетингтік және/немесе басқа да жарнамалық науқандарды өткізген кезде баллдың мөлшерін анықтау бағамын өзгертуі мүмкін. Осындай науқандар туралы ақпарат Ұйымдастырушының сайтында жария етіледі.

4.14 Баллдың мөлшерін анықтау үшін қолданылатын есептеу бағамын Ұйымдастырушы анықтайды және оны осы Ережеде көрсетеді, сондай-ақ, Ұйымдастырушы бұл бағамды бір жақты тәртіппен, Бағдарламаға Қатысушыны арнайы хабарламай өзгертуі мүмкін.

4.15 Ұйымдастырушы Бағдарлама бойынша баллдармен жиналатын/баллдар есепке алынатын тауарлардың түрлері мен санына шектеу енгізуге құқылы. Мұндай тауарлар/шектеулер туралы ақпаратты Қатысушыға ЖҚС-ның кассирлері тауарды сатап алуды рәсімдегенде жеткізеді.

4.16 Қатысушы картасындағы Жинақтаушы балансын мынадай тәсілдермен тексере алады:

- ЖҚС-ның кассасында инфо-чекті басып шығару;
- ЖҚС-ның кассасында сатып алуды ресімдеу кезінде берілетін чек арқылы;
- Ұйымдастырушының сайтындағы жеке кабинетінде;
- Ұйымдастырушының call-center қоңырау шалу арқылы.

Егер Қатысушы Жинақтаушы балансын тексеру үшін «call-center қоңырау шалуды» таңдаса, онда ол Операторға Картаның нөмірін хабарлауға немесе өз деректерін хабарауы тиіс. Егер Қатысушының Картаның нөмірін атауға мүмкіндігі болмаса, онда ол аты-жөнін, туған күні және ЖСН хабарлайды (Сауалнаманы толтырған кезде көрсетінген деректер).

4.17 Қатысушы Жинақтаушы балансы мен ЖҚС-ғы саудасы турады деректерді анықтап, бақылау үшін Ұйымдастырушының сайтындағы жеке кабинетін қолдана алады.

## **5. Баллдарды есептен шығару (жұмсау) тәртібі**

5.1 Қатысушы Ұйымдастырушының сайтында Картаны тіркегеннен кейін ғана ЖҚС-да жанар-жағар май мен ілеспе тауарларды сатып алғанда баллдарды жеңілдік алу үшін (жұмсау) қолдана алады.

5.2 Қатысушының баллдарды жұмсап ЖҚС-да жасаған саудасы Жинақтаушы балансына енгізілмейді.

5.3 Баллдарды қолма-қол ақшаға айырбастауға тыйым салынады.

5.4 Бағдарламаның Ережесі бойынша Қатысушыға берілген баллдар мен құқықтарды Ұйымдастырушының келісімі мен Бағдарламаның ұсынылған шарттарына сәйкес емес басқа бір тарапқа ауыртыруға немесе беруге тыйым салынады.

5.5 Егер Қатысушы алты ай бойы ЖҚС-да сауда жасаған кезде Картаны ұсынбаса



жинақталған баллдар шартсыз тәртіпте жойылады. Күші жойылған баллдар (мерзімі бойынша) қалпына келтіруге жатпайды.

5.6 Қатысушы жанар-жағар май немесе ілеспе тауарды ЖҚС-да сатып алу кезінде төлеу тәсілін (картадағы баллдарды пайдаланып/өзінің қолма-қол ақшасына) өз бетінше таңдайды.

5.7 Қатысушы ЖҚС-да тауар сатып алған кезде таңдаған тауардың бағасының 70% төлеуге (жеңілдік алуға) құқылы. Қалған соманы Қатысушысы өзінің қолма-қол ақшасынын жұмсап төлеуі тиіс.

## **6. Картаны блоктау тәртібі**

6.1 Карта жоғалған/ұрланған жағдайда Қатысушы оны блоктаудың мынадай тәсілдердің бірімен қолдануы тиіс:

- Ұйымдастырушының call-center қоңырау шалып операторға өзінің ЖСН және жасырын сөзді хабарлай отырып, Картасын блоктау туралы өтінішті жеткізіп;
- Ұйымдастырушының сайтындағы жеке кабинетінде Картаны блоктау/жауып тастау арқылы. Картаны блоктау автоматты түрде жүзеге асырылады;
- ЖҚС Картаны блоктау туралы жазбаша өтінішті қалдыру.

6.2 Жоғалған/ұрланған Картана Қатысушының өтініші бойынша блок қойылып, Жинақтаушы балансы жаңа картаға ауыстырылады. Егер Қатысушының жеке күәлігінегі деректер жоғалған/ұрланған Картаны тіркеу кезінде (Сауалнамада) көрсетілген деректермен сәйкес келмесе Карта қалпына келтірілмейді. Картаны қалпына келтіру мен Жинақтаушы балансын жаңа картаға көшіруге арнайы толтырылған өтініш<sup>2</sup> негіз болады.

6.3 Егер Карта механикалық зақымдануға байланысты, сондай-ақ чиптің зақымдануына байланыты қайта шығарылса Жинақтаушы баланс жаңа Картаға көшіріледі. Жинақтаушы балансын жаңа картаға көшіруге өтініш негіз болады. Өтініш арнайы нысанмен бекітілмеген еркін мазмұнда жазбаша түрде немесе ЖҚС кассиріне ауызша түрде беріліп, кассир оны өз алдына Call-Center операторына арнайы хабарлама беріп жеткізеді.

6.4 Егер Қатысушы картаның жоғалуына/ұрлануына байланысты Картаны блоктамаса, немесе уақытында блоктамаса Ұйымдастырушы Жинақтаушы баланстың сақталуына жауапты емес. Өтініш арнайы нысанмен бекітілмеген еркін мазмұнда жазбаша түрде немесе ЖҚС кассиріне ауызша түрде беріліп, кассир оны өз алдына Call-Center операторына арнайы хабарлама беріп жеткізеді.

6.5 Картаны жоғалған/ұрланған жағдайда Жинақтаушы балансты көшіруге арналған жаңа карта ЖҚС кассасында осы Ереженің шарттарына сәйкес сатып алынады.

## **7. Бағдарламаның өзге де шарттары**

7.1 Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша және біржақты тәртіппен, сондай-ақ Қатысушыларды хабарламай осы Ережеге кез-келген өзгеріс енгізуге құқылы. Бағдарламаның Ережелерінің өзгеруі туралы ақпарат Ұйымдастырушы сайтында жария етіледі.

7.2 Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша кез-келген уақытта Қатысушыларға

<sup>2</sup> Өтініш арнайы нысанмен бекітілмеген еркін мазмұнда жазбаша түрде немесе ЖҚС кассиріне ауызша түрде беріліп, кассир оны өз алдына Call-Center операторына арнайы хабарлама беріп жеткізеді

хабарлап/хабарламай Бағдарламаны уақытша тоқтатуға құқығына ие. Бағдарламасын кез келген уақытта да Хабардар ете отырып, Қатысушыларын, сондай-ақ онсыз.

Ұйымдастырушы кез-келген Қатысушының алдында, сондай-ақ оның Жинақтаушы баллдармен байланысты жағдайлармен шектелмей, Бағдарламаны уақытша тоқтату немесе оның күшін жою үшін жауапты емес. Кез-келген жағдайда Бағдарламаның уақытша тоқтатылуы мен күшін жоюдың нәтижесінде Қатысушылардың шеккен шығындарын өтемейді.

7.3 Бағдарламаның Ережелері мен олардан туындайтын Ұйымдастырушы мен Қатысушы арасындағы құқықтық қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

7.4 Осы жария офертасынан туындайтын және осы офертаға байланысты барлық келіспеушіліктер мен дауларды Ұйымдастырушы және Қатысушы келіссөздер жолымен соттан тыс тәртіппен шешеді.

7.5 Егер Ұйымдастырушы мен Қатысушы арасындағы келіспеушілік пен дау осы Ережеге сәйкес шешілуі мүмкін болмаса, ол қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамаға сәйкес шешіледі.



## Бонустық бағдарламаның ережесі (жария офертасы) №1 қосымшасы

«  
N

9	3	9	8		7	1	1	7		7	*	*	*		*	*	*	*
---	---	---	---	--	---	---	---	---	--	---	---	---	---	--	---	---	---	---

a

d» бірыңғай төлем картасы иесінің сауалнамасы

№

*(Картаның № оны берген қызметкермен толтырылады)*

<u>Фамилиясы</u> *																				
<u>Аты</u> *																				
<u>Әкесінің аты</u>																				
<u>Туған күні</u> *																				
<u>Байланыс телефоны</u> *																				
<u>e-mail</u> *																				
<u>Құпия сөз</u> *																				

*\* толтыруға міндетті деректер*

V	<p>Мен осы сауалнамада көрсеткен барлық деректердің дұрыс екенін, деректерді өз бетімен және ерікті түрде толтырғанымды растаймын. Мен «Nomad» бағдарламасына қатысу туралы жария офертасын оқыдым және онымен толық келісемін (жария офертасы Компанияның <a href="http://nomadoil.kz/edinaya-card-nomad.html">http://nomadoil.kz/edinaya-card-nomad.html</a> сайтында жарияланған).</p> <p>Осымен «Nomad» бағдарламасының ұйымдастырушысына (ары қарай – Бағдарламаны ұйымдастырушысы) менің жеке деректерімді жинауға және өңдеуге келісімімді беремін. Мен Бағдарламаны ұйымдастырушыдан және/немесе кез-келген бағдарлама серіктесінен ақпараттық хабарламаларды кез-келген байланыс арналары, соның ішінде пошта, SMS, электрондық пошта, телефон немесе басқа да байланыс құралдары арқылы алуға келісемін. Сондай-ақ Бағдарламаны ұйымдастырушының кез-келген уақытта және себебін түсіндірмей ақпарат пен материалдарды жіберуді тоқтатуға және бағдарлама шарттарын өзгертуге құқығы бар екендігімен келісемін.</p> <p>Қарточканы 6 (алты) ай бойы пайдаланбаған жағдайда картада жинақталған жеңілдік беру баллдарының жойылатынын және жойылған жеңілдік беру ұпайларын (олардың жарамдылық мерзіміне байланысты) қайта қалпына келтіруге мүмкін емес екені туралы хабарланғанмын. Осы мәлімдеме арқылы бағдарламаға қатысуға келісімімнің ерікті және шектелмеген мерзімге берілгенін растаймын.</p>
---	---

<b>Күні:</b>	<b>Қолы:</b>
--------------	--------------

<b>Картаны берген қызметкермен толтырылады</b>
--

Аты-жөні, Қолы:



Картаны беруге негіз болған себебі:

<input type="checkbox"/> № ескі нұсқадағы картаны айырбастау _____
<input type="checkbox"/> Жоғалған картаның орнына № _____
<input type="checkbox"/> Картаны сатып алу
<input type="checkbox"/> Басқа да себептер (анықтап жазу)